

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**ТҮРІК ТІЛІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ОРТАЛЫҒЫ
ӨЗІН ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕКЕМЕСІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. (1) Осы регламенттің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының өзін өзі қаржыландыру мекемесінің қызмет салаларын, кірістері мен шығыстарын, капиталының шектерін, басқару, жұмыс істеу және тексеру үдерістеріне байланысты ережелері мен тәртібін анықтау болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының қызметтеріне, басқару, жұмыс істеу және тексеру үдерістеріне қатысты ережелер мен негіздерді қамтиды және осыған қатысты Өкілетті Кенес Басқармасының міндеттерін, күзыреттерін және жауапкершіліктерін айқындайды.

Негіздеме

3-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-бабының (d) және (e) тармақтары мен 15-бабы негізінде дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. (1) Осы регламенттегі қысқартылған сөздер мен олардың мағыналары тәмендегідей:

- a) Зерттеу және қолданбалы орталық/ТүрТЕП: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығы,
- b) Зерттеу және қолданбалы орталығының директоры/ТүрТЕП басшысы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының директоры,

[Signature]



с) Өзін өзі қаржыландыру бөлімі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының барлық бөлімдері мен мамандықтары;

д) Өзін өзі қаржыландыру мекемесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының өзін өзі қаржыландыру мекемесі,

е) Қаржы жұмысауга құқылы басшы: Бұкіл шығыны Түркия Республикасының бюджеті есебінен төленетін, Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан университеттің құрылымдық бөлімдерінің және Өкілетті Кеңесінің бюджетін жұмысауга құқылы Өкілетті кеңес төрағасы,

ф) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі,

г) Өкілетті Кеңес төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы,

х) Қызметкер: Бұкіл шығыны Түркия Республикасының бюджеті есебінен төленетін Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының Басқармасы мен Өкілетті Кеңес Басқармасының құрамында еңбек шарты негізінде толық және толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс істейтін қызметкер,

и) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президенті,

ж) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

к) Басшы: Өзін өзі қаржыландыру мекемесіне тікелей қатысы бар Түркияда жұмыс істейтін қол қоюға құқылы басшы, ректор орынбасары, Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығының директоры (ТҮРТЕП басшысы) мағынасын білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қызмет салалары, кірістері, шығындары және басқару органдары

Қызмет салалары

5-бап. (1) Өзін өзі қаржыландыру мекемесінің қызмет салалары бойынша атқаратын негізгі жұмыстары мен қызметтері мынадай:

а) техникалық мәселелер мен қашықтықтан оқыту саласы бойынша зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізу, әқпараттық технологиялар негізінде интернет арқылы білім беру, Өкілетті Кеңестің белгілеген ережелеріне сай зерттеу жобалары мен практикалық жұмыстарға қолдау көрсету, отандық немесе шетелдік білімгерлерге шәкіртқа тағайындау;

б) қызмет салалары бойынша кеңес беру, талдау, сараптау, бағалау, үйымдастыру және есеп беру жұмыстарын атқару;

с) жоғары оку орындарымен және басқа да салалардағы мекемелермен, жеке және заңды тұлғалармен ортақтаса жұмыс жүргізу, олардың талаптарына ғылыми түрғыдан



бага беру, жоба әзірлеу, зерттеу, тексеру, жүзеге асыру т.б. қызметтерін көрсетеу, оқу-үйрету курстарын ашу;

д) ғылыми, техникалық және мәдени маңызы зор семинарлар, конференциялар және симпозиумдар өткізу;

е) қызмет салаларына қатысты тауар және қызмет өндірісімен айналысу, өндірілген өнімдерді бағалау, таныстыру және жарнамалау, тарату, сату және көрмеге қою, түрік және шет тілдерінде жазылған кітаптарды, оқулықтарды, т.б. енбектерді баспадан шығару, жариялау, электронды және визуалды сипаттағы туындыларды дайындау.

Kірістер

6-бап. (1) Өзін өзі қаржыландыру мекемесінің кірістері негізгі қызмет салалары бойынша келіп түсетін кірістерден, студенттердің оқу төлемақыларынан, қайырымдылық мақсаттағы төлемдерден және т.б. кірістерден құралады.

Шығындар

7-бап. (1) ТұрТЕП өзін өзі қаржыландыру мекемесі білім беру, ғылыми-зерттеу және қолданбалы жұмыстарының нәтижесінде келіп түсетін кірістерді төмендегіше жұмысайды:

а) Ең кемі 35%-ын мекеме қызметкерлерінің жалақысын, жалгерлік ақысын, авторлық қаламақысын, оқулық мазмұнын жаңалау және бағалау жұмысының төлемақысын, құрал-жабдық сатып алу, ағымдық және құрделі жөндеуден өткізу, ғылыми зерттеу, жариялау, зерттеу және дамыту секілді т.б. жұмыстарға кететін шығындарды өтеу үшін жұмысайды.

б) Мекеменің кірістері, ең алдымен 7-баптың (1)-тармағы (а) тармақшасында көрсетілген негізгі шығындар үшін жұмысалады. Қажет болса, ТұрТЕП Басқару Кеңесінің шешімімен және қаржы жұмсауға құқылы басшының келісімімен төмендегі бөлімдер үшін бөлінген қаржы бөлінбеуі де мүмкін.

с) 7-баптың (1)-тармағы (а) тармақшасында көрсетілген төлемдер мен занды ұсталымдардың жиынтығы жалпы кіріс көлемінен шегерілгеннен кейінгі қалған соманың:

1) Ең көбі 15%-ы мекеменің Басқару кеңесінің шешімімен және қаржы жұмсауға құқылы басшының келісімімен зандарда белгіленген үкімдер мен негіздерге сайғылыми жобаларға қолдау көрсетуге, шәкіртакы және әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға;

2) Ең көбі 35%-ы мекеменің Басқару кеңесінің шешімімен және қаржы жұмсауға құқылы басшының келісімімен университеттің инвестиациялық және инфраструктуралық жобаларын жүзеге асыруға, әр түрлі жөндеу жұмыстарын жүргізуға, құрал-жабдық және көлік сатып алуға;

3) Ең көбі 20%-ы 7-баптың (1)-тармағы (f) тармақшасында көрсетілген ережелер шенберінде мекеменің Басқару кеңесінің шешімімен және қаржы жұмсауға құқылы басшының келісімімен ТұрТЕП-ке тікелей үлес қосқан басшылар мен қызметкерлерге үлес пайын төлеуге жұмысалады.



d) 7-баптың (1)-тармағы (а) және (с) тармақшаларындағы төлемдерден артылған сома 7-баптың (1)-тармағы (с) тармақшасының 3-бөлімінде көрсетілген төлемдерден тыс бірдей мақсаттарда қолданылу үшін 31 желтоқсанда келесі жылдың бюджетіне аударылады.

e) 7-баптың (1)-тармағы (d) тармақшасында көрсетілген, келесі жылдың бюджетіне аударылған сома мекеменің алдыңғы кезеңден пайданы қоса алғанда жылдық шығыс бюджетінің 50%-ынан аспайды. Осы мөлшерден асқан сома Өкілетті Кенес Басқармасының ағымдық және инвестициялық шығындарына жұмсалу үшін келесі жылдың алғашкы үш айының сонында Өкілетті Кенес Басқармасының бюджетіне кіріс ретінде тіркеледі.

f) 7-баптың (1)-тармағы (c) тармақшасының 3-бөлімінде көрсетілген, ТұрTEП-ке тікелей үлес қосқан басшылардың бір айлық таза үлес пайы мекемеден алатын таза жалақысының 100%-ынан; ТұрTEП басшысының орынбасары, бағдарлама координаторы, кафедра менгерушісі секілді қызметтерді келісімшарт негізінде атқаратын оқытушылардың бір айлық таза үлес пайы мекемеден алатын таза жалақысының 50%-ынан; оқытушылардың бір айлық таза үлес пайы мекемеден алатын таза жалақысының 25%-ынан; қызметкерлердің бір айлық таза үлес пайы мекемеден алатын таза жалақысының 12%-ынан аспайды. Мекемеден алынатын таза жалақыға қосымша төлемдер де кіреді. Мекемеге жалақы алмастан, тікелей үлес қосқан тұлғаларға берілетін үлес пайы өзімен бірдей/ұқсас қызметті атқаратын тұлғалардың үлес пайлары негізге алына отырып, төленеді.

Басқару Кенесі

8-бап. (1) Мекеменің Басқару кенесі ТұрTEП Басқару кенесі болып табылады. ТұрTEП және Өкілетті Кенес Басқармасымен қызметтік қарым-қатынасы тоқтатылған мүшениң қызметі өздігінен аяқталады.

УШИНШІ БӨЛІМ

Қаржылық ережелер, бюджет және қаржылық бақылау

Қаржылық ережелер

9-бап. (1) Мекеменің капитал лимиті – 2000000 (екі миллион) түрік лирасы. Осы капитал мекеменің техникалық жабдықтарынан, бағдарламалық қамтамасыз ету төлемақыларынан, мекеменің жауапкершілігіндегі авторлық құқықтарынан және құрал-жабдықтарынан, осы регламент қабылданған күнге дейінгі кезеңді қамтитын кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылықтан тұрады.

(2) Мекеменің қаржы жұмсауға құқылы басшысы – Өкілетті Кенес төрағасы. Қаржы жұмсауға құқылы басшы осы міндеттерін Өкілетті Кенес басқармасының қаржы істеріне жауапты қызметкери арқылы атқарады.

(3) Өзін өзі қаржыландыру мекемесінің өндіретін тауарлар мен көрсететін қызметтердің ақысы және әр түрлі кірістері мекеменің есепшотында жинақталады, ал шығыстары осы есепшоттан төленеді.



Бюджет

10-бап. (1) Мекеменің бюджеті ең кеш қазан айында Өкілетті Кеңес тарапынан бекітілу үшін Өкілетті Кеңес басқармасына ұсынылады. Мекеменің бюджеттік кезеңі қаржылық жылмен есептеледі. Жыл ішінде бюджеттің шығыс баптары арасында жасалатын аударымдар қаржы жұмсауға құқылы басшының немесе оның жауапкершілігін алған қаржы істеріне жауапты қызметкердің келісімен жүзеге асырылады.

Шығындар

11-бап. (1) Құрылымдық бөлімдер өз міндеттерін орындауға қажетті тауарлар мен қызметтердің сатып алынуы немесе қызмет аясына кіретін басқа да шығындардың өтелуі үшін сұраныс хатпен, бар болса техникалық шартнамамен бірге қаржы істеріне жауапты қызметкерге өтініш білдіреді.

Әкімшілік және қажылық қызметтер

12-бап. (1) Мекеменің өз жұмысын жүргізуіне қажетті әкімшілік және қаржылық қызметтерді мекемеге әкімшілік және қаржылық түрғыдан басшылық жасайтын Өкілетті Кеңес Басқармасындағы осы қызметтерге жауапты қызметкерлер атқарады.

Қаржылық бақылау

13-бап. (1) Мекеменің қаржылық бақылау және басқа да әкімшілік, қаржылық жұмыстары Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетіне қатысты қолданылатын зандарға сай орындалады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Соңғы ережелер

Күші жойылған ережелер

14-бап. (1) Осы регламент күшіне енген күннен бастап Өкілетті Кеңестің 2008 жылдың 1-2 қараша күндері аралығында өткен 33-жиналысы шешімдерінің 4-бабы 3-тармағы бойынша қабылданған «ТурТЕП Өзін өзі қаржыландыру мекемесінің регламенті» күшін жояды.

Күшіне енү

15-бап. (1) Осы регламент 2012 жылды 01 шілдеде өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

16-бап. (1) Осы регламенттің ережелерін Өкілетті Кеңес төрағасы жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06/ 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.22

